| | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы: Домбыра** | **Мектебі: ЕОМ№2** | |
| **Күні, айы: 25,02** | **Мұғалімнің аты-жөні: Амантаева Д.Н** | |
| **1-сынып** | **Сабаққа қатысқан оқушылар саны:** | **Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 1.1.5.1. Қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру.<br>1.2.2.1. Сурет бойынша 2-3 сөйлеммен ез ойын білдіру.<br>1.4.4.1. Бас әріптер мен кіші әріптерді және оларды бір-бірімен дұрыс байланыстырып жазу; санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жазу.<br>1.5.1.4. Мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану.<br>1.5.1.3. Сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен етістіктің шақтарын қолдану. | |
| **Сабақ мақсаты** | **Барлық оқушылар:**<br>Музыкалық аспап туралы түсінік алады. Өзінің домбырасы бар немесе жоқ екенін және өзінің домбыра тартатынын / домбыра тартпайтынын айта алады. | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Тақырып бойынша белсенді лексиканы қолдана алады. Өздерінің домбыра тартатынын/домбыра тартпайтынын айта алады. | |
| | **Кейбір оқушылар:**<br>Басқа да музыкалық аспаптарды атай алады, өздерінің қандай аспапта ойнайтынын айта алады. | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңдері** | **Жоспарланған жұмыс** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**(5 минут)** | **1.Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру:**<br>Мұғалім: **-** Сәлеметсіңдерме балалар!<br>Сылдыр-сылдыр шапалақ<br>Мынау менің қолым<br>Мынау менің жүрегім<br>Мен сені жақсы көремін<br>Мен сізді жақсы көремін<br>-Балалар мынау не?<br>-Домбыра.<br>-Дұрыс айтасыңдар, бұл домбыра, қазақтың ұлттық аспабы.-Сонымен балалар бүгінгі біздің ашық сабағымыздың тақырыбы:**«Домбыра»**<br>**2. Сабақ мақсатымен таныстыру:**<br>**Білу:** домбыра және оның құрылысы туралы білу<br>**Түсіну:** домбыра қазақтың ұлттық аспабы екенін түсіну<br>**Қолдану:** 1-2 сөйлем құрастыра алу және жаза білу. | Видеоролик Қазақстан туралы домбыра үні-мен.<br><br>Домбыра<br>2 слайд-саб.тақ-бы<br>3 слайд-саб. мақсаты |
| **Сабақтың ортасы**<br>**2 минут**<br><br>**5 минут** | **3.Сабақтың барысы:**<br>1.Суретпен жұмыс- тойда, концертте домбырамен ойнап тұрған сурет.<br>Мұғалім: - балалар домбырамен қайда ойнайды?<br>-тағы қай жерде қолданады?<br>-дұрыс айтасыңдар, міне мынау домбырамен ойнайды.<br>2.Жаңа сөздермен жұмыс:<br>Мұғалім: - балалар, айтыңдаршы домбырада не бар? | 4 слайд- суреттер<br><br>Домбыра<br><br>5 слайд-домбыра және оның бөлшектері. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Бөлшектерін көрсету, айту, хормен қайталатқызу:<br>Домбыра-домбра<br>Ішек-струна<br>Үндік-отверстие для звука<br>Тиек – подставка<br>Құлақ – ушки<br>Түйме-пуговка<br>Тартамын-играю<br>Тартпаймын-не играю | Домбыраның үлкен суреті.<br><br>Тақтадағы сөздер |
| **5 минут**<br>**Жеке жұмыс.** | 3.Тапсырма орындау:<br>1 тап – Берілген сөздерді домбыраның бөлшектерімен бағдар сызықпен қосу. Балаларға домбыра суретін беру.<br><br>Тапсырманы орындап болған соң, бір-бірінің жұмысын тексеріп, бағалайды.<br>-жасыл- дұрыс- сары – қатесі бар | 6 слайд – тапсырма<br><br>7 слайд -Жасыл,қызыл түсті дөңгелектер. |
| **Сергіту сәті:**<br>**1 минут**<br>**Жұптық жұмыс.** | **Видео жаттығу**<br>Кітаппен жұмыс<br>2 тап – Тыңда,қайтала.<br>Үлгі бойынша сөйлес<br>Тапсырманы орындау үшін домбыра қажет болады (шынайы домбыра болмаған жағдайда, ойыншық домбыра/домбыраның суреті қолданылады). Ең алдымен мұғалім диалогті тыңдатады. Содан кейін оқушылар жұппен осы диалог негізінде сөйлеседі. Тапсырмада ұсынылған | 8 слайд – сергіту сәті |

| | | |
|---|---|---|
| **5 минут**<br><br><br><br>**Жеке жұмыс**<br>**5 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут** | диалог шынайы болу үшін, екінші баланың қолында домбыра болу керек. Содан кейін оқулықта берілген үлгі бойынша өзара сөйлеседі. Үлгі:<br>- *Мынау не?*<br>- *Бұл - домбыра.*<br>- *Сен домбыра тартасың ба?*<br>- *Иә, мен домбыра тартамын. (Жоқ, мен домбыра тартпаймын).*<br>3 тап – Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі.<br>1 – Сұраққа жауап бер, жаз.<br>Сенде домбыра бар ма?<br>_______________________<br>Сен домбыра тартасың ба?<br>_______________________<br>Оқушылар дәптерлеріне І і әріпін жазып шығады.<br><br>2 – Боя.<br><br>**4.Сабақты бекіту: Домбыра туралы аңыз.**<br>**5.Мақсаттың орындалуы:**<br>**Мұғалім -** домбыра және оның құрылысы туралы білдік<br>- домбыра қазақтың ұлттық аспабы екенін түсіндік<br>-1-2 сөйлем құрастыра алдық және дұрыс жазуға үйрендік. | 9 слайд - диалог<br><br>Оқулық<br>Аудиодиск: 6.3.3;<br>Домбыра<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жұмыс дәптері<br>слайд-тапсырмалар |
| **Сабақтың соңы -**<br>**4 минут** | (Қ) Сабақты қорытындылау мақсатында мұғалім оқушылармен кері байланыс орнатады:<br>Сары түсті домбыра- бәрі түсінікті, қызықты болды.<br>Қоңыр түсті домбыра – түсінбедім, қызықсыз болды.<br><br>Мұғалімнің сөзі:<br>Екі ішектің бірін қатты,<br>Бірін сәл –сәл кем бұра.<br>Қазақ –нағыз қазақ емес,<br>Нағыз қазақ — **домбыра** (оқушылар хормен айтады) | слайд – кері байланыс. |
| **Қосымша ақпарат** | | |
| **Қорытындылау** | Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз. | |

| | |
|---|---|
| 1. Сабақ барысына өзгертулер енгіздіңіз бе? Неге?<br><br>2. Жүргізілген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды? | |
| **Қорытынды бағалау**<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе не?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?<br>1:<br>2: | |